ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ

3 апта

9-11 сыныптарға арналған апталық қосымша тапсырмалар

3 апта

Апталық кітап:

- **9 сынып:** Қабдеш Жұмаділов «Дарабоз. I кітап»
- **10-11 сынып:** Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз»

Апталық челлендж:

«Креативті фото»

Апталық жоба:

«Екінші өмір» сыйла

Апталық отбасылық тәрбие сағаты:

«Табандылық»

Отбасы мүшелерімен бірігіп ойнайтын ойын:

Бес тас (шекемтас) ойыны “Шатасу ойыны”

Отбасымен бірге көруге арналған фильм:

- **“Алпамыс мектепке барады”**
  https://www.youtube.com/watch?v=CRA9f-Nj5yM

Апталық қолөнер жұмысы:

Кез келген 3D макет жасау

3 апта

Апталық челлендж:

- **Креативті фото**

Уақыты: 30-120 минут
Түрі: ойын
Қажетті материалдар: камера немесе телефон
Орындалуы: Оқушыларға сынып жетекшісі әртүрлі тапсырма жібереді. Кем дегенде бес тапсырма болуы шарт. Оқушы сол тақырыпқа байланысты фото түсіру керек.
Мысалы:
1)бала күніндегі бір суретті алып, тура сол секілді жаңадан фото түсіру;
2)отбасының барлық мүшелері бірыңғай ақ түсті киіммен суретке түсуі;
3) ерекше бейнеде фотоколлаж жасау т.б

Мұғалімнің жасампаздығына байланысты тапсырмаларды түрлендіруге болады.
Қорытынды: Оқушылар отбасымен уақытты қызықты өткізеді және естелік фотолар жинайды. Бұл жұмыс балалардың креативті ойлау қабілетін арттырады.

3 апта

Апталық жоба:

- «Екінші өмір» сыйла

Қажетті материалдар: Сусын, шырындардың босаған құтылары.

Орындалуы: Оқушылар үйлерінде ата-аналарымен бірге, сусыннан босаған құтыларды жинап, құстарға ұя жасайды немесе бос бөтелкелерге гүл отырғызады.

1. Қайта өңделуі қиын заттарға "екінші өмір" сыйлап, экологиялық тазалықты сақтау әдеті қалыптасады.
2. Құстарға қамқорлық жасай отырып, балалар бойындағы табиғатты аялауға деген сүйіспеншілік пайда болады.

Апталық отбасылық тәрбие сағаты:

«Табандылық»

3 апта

Отбасы мүшелерімен бірігіп ойнайтын ойын:

Атауы: (шекемтас) - ұлттық ойын.
Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа баулиды.
Қажетті заттар: домалақ, ұстауға ыңғайлы бес тас.
Орындалуы: Ойын бірнеше сатыдан тұрады. 1 — «Бірлік». Ойыншы бес тасты жерге шашады. Таңдап алынған қақпа тасты бір қолымен жоғары лақтырады да, жердегі біреуін көтеріп, қайта тосып алады. қалғандарын осылай бір-бірлеп кетереді. 2 — «Екілік». Бұл жолы екі тастан көтереді. 3 — «Үштік». Үш тасты бірге бір рет, жеке тасты екінші рет жерден көтереді. 4 — «Төрттік». Төрт тасты бірге көтеру керек. 5 — «Алақан». Төрт тасты бір-бірлеп алақанға жинайды. 6 — «Төртбұрыш». Төрт тасты төрт жерге төртбұрыш жасап қойып, оларды тез жинап алады. 7 — «Арттан тастау». Бірліктегідей бір тасты жерден көтеріп алады.Қақпа тасты лақтырып, екіншісіне көтергенше, алғашқысын қолдың артынан жерге тастайды. Осылай бәрін тастап болғаннан кейін оларды түгел бірге көтеру керек. Ойынның басқа да сатылары бар. Бес тас, көбіне, бір қолмен ойналады. Тастарды түсіріп алған немесе шартты орындай алмаған ойыншы келген сатысында тоқтайды. Ойынды келесі кезектегі ойыншы жалғастырады. Ойын сатылары әр жерде әр турлі болуы мүмкін. Сатылар санына шек қойылмайды.

www.qundylyq.kz

3 апта

Табандылық жайында ғибратты әңгіме:

Білім қанша тұрады?

Егіншіліктің қызып тұрған шағында шаруаның тракторы бұзылып қалады. Егіншілер әртүрлі шара қолданып, жөндеуге тырысса да, ештеңе шықпайды. Амал табылмаған соң, олар шеберді шақырады. Ол тракторды қарап шығып, оталдырғыштың қалай жұмыс істейтінін тексерді, капотты көтеріп, бәрін жақсылап қарап шықты. Сосын балтаны алды да, трактордың бір жерін соғып жіберді. Сосын трактор ештеңе болмағандай оталып сала берді.

Шаруа қуанып, шеберден еңбегіне қанша ақы алатынын сұрады. Бірақ оның берген жауабына таңырқай қарап:

- Сен балтамен бір жерді ұрғаныңа жүз доллар сұрап тұрсың ба? Тым көп емес пе?

Шебер болса байсалды қалыппен:

- Дұрыс айтасың! Балтамен бір ұрған мұншалық қымбат тұрмауы керек. Ол үшін мен тек бір доллар ғана сұрадым. Ал, тоқсан тоғыз долларды өзімнің білімім үшін аламын. Себебі, дәл қай жерден соғу керектігін білу үшін маған қаншама білім керек болды.

Сосын шебер сәл тоқтап, сөзін қайта жалғастырды:

- Оның үстіне істі тез арада шешіп, уақытыңды үнемдедім. Жүз долларлық құнды төлеу үшін қаншама күнің кететін еді. Сол білімнің арқасында дәл қазір трактормен егінге бара аласыз.

Шаруа шеберге алғысын айтып, қолын берді.